

Б.А. Дюсенбаева¹ , З.А. Мовкебаева^{2*} , У.Ж. Қудайбергенова³ 

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Астана

³Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Қазақстан, Шымкент

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ БЕЙІН АЛДЫНДАҒЫ ДАЯРЛАУ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ МОТИВАЦИЯЛЫҚ КОМПОНЕНТ

Аңдатпа

Мақалада балалардың өз әлеуетін ашып, оларға қолжетімді мүмкіндіктер аясын түсінуге көмектесетін бейін алдындағы дайындықты дамыту мәселесі қарастырылады. Көмекші мектептегі оқу-тәрбие жұмысының жалпы жүйесінде еңбек тәрбиесі, оқыту, кәсіби бағдар беру және оқушыларды жұмысқа орналастыру мәселелері негізгі орын алады, өйткені олардың шешілуі ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың әлеуметтік бейімделуінің сәттілігіне тікелей байланысты.




Бейін алдындағы дайындық пен қолдау педагогикалық қызметтің мақсатты бағыты ретінде қарастырылып, оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың болашақта кәсіби қызмет саласын таңдауына мүмкіндік беретін психологиялық қолдау, ақпараттық ағартушылық және ұйымдастырушылық іс-шараларды қамтиды. Зерттеу барысында кәсіби бағдар беру процесінде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың осы мәселеге қатысты әртүрлі көзқарастарын жалпылау және арнайы педагогтардың бейін алдындағы дайындыққа қатысты практикада кездесетін бірқатар қиындықтарын жан-жақты талдау негізінде авторлар мынадай тұжырым жасайды: көмекші мектеп оқушылары еңбек дағдылары мен жалпы тәжірибелік дағдыларды ең жақсы түрде 7-8-сыныптарда меңгереді. Таңдалатын мамандыққа қатысты түсініктер, әдетте, практикалық сипатқа ие болады, бұл мектептегі еңбек тәрбиесінің ерекшелігі мен осы уақытқа дейін алынған дағдылармен байланысты.

Зерттеу мақсатын анықтау үшін шетелдік және отандық әдебиеттерге шолу жасалып, мүмкіндігі шектеулі жоғары сынып оқушыларымен жартылай құрылымдалған сұхбаттар жүргізілді. Оқушының еңбекке қабілетін психологиялық-педагогикалық зерттеу медициналық-педагогикалық комиссияның тексеруінен басталып, оқу мерзімі бойы жалғасады. Жеке тұлғаның интегративті қасиеттері (мінез ерекшеліктері, қызығушылықтары және қимыл-қозғалыс сапаларының жай-күйі) мен оқу-еңбек қызметіне дайындығы анықталады. Тәжірибелік жұмыс барысында кәсіби қызығушылықтар мен ниеттерді қалыптастыруға ықпал ететін жағдайлар анықталып, нәтижесінде оқушылардың саналы түрде мамандықтаңдауына жағдай жасалды.

Мәліметтерді талдау әдісіретінде категорияларды жіктеу формуласы пайдаланылды. Эмпирикалық зерттеу нәтижесінде көмекші мектеп оқушыларымен кәсіби бағдарлау бойынша жұмыс жүргізуде олардың кәсіби бейімділіктеріне сүйене отырып, кейбір педагогикалық ұсыныстар жасалды.

Түйін сөздер: Бейін алдындағы дайындық, мотивациялық компонент, түрдегі түзету мектеп, мүмкіндігі шектеулі балалар.

Дюсенбаева Б.А.¹ , Мовкебаева З.А.^{2*} , ² Кудайбергенова У.Ж.³ 

¹Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
Казахстан, Алматы

²Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Казахстан, Астана

³Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова
Казахстан, Шымкент

МОТИВАЦИОННЫЙ КОМПОНЕНТ В СТРУКТУРЕ ПРЕДПРОФИЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ ОБУЧАЮЩИХСЯ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ

Аннотация

Статья посвящена проблеме развития предпрофильной подготовки, которая может помочь детям с ограниченными возможностями понять спектр доступных им вариантов и раскрыть свой потенциал. Вопросы трудового воспитания, обучения, профессиональной ориентации и трудоустройства учеников занимают центральное место в общей системе учебно-воспитательной работы во вспомогательной школе, поскольку от их решения зависит успех социальной реабилитации умственно отсталых учащихся.



Предпрофильная подготовка и поддержка рассматривались как целенаправленное направление педагогической деятельности, с учетом индивидуальных потребностей учащихся включающее: психологическую поддержку, информационное просвещение и организационные мероприятия, направленные на самоопределение учащихся, позволяющее сделать выбор направления обучения для определения сферы профессиональной деятельности в будущем. В процессе специально проведенного исследования, цель которого заключалась об организации психолого-педагогической поддержки в процессе предпрофильной подготовки учащихся с ограниченными возможностями.

На основе обобщения различных точек зрения ведущих зарубежных и отечественных ученых по данному вопросу, а также на основе всестороннего анализа целого ряда возникающих на практике у специальных педагогов трудностей предпрофильной подготовке, авторами свидетельствует о том, что учащиеся вспомогательной школы наиболее успешно овладевают общепрактическими и трудовыми навыками на 7-8 годах обучения. Представления о выбираемой профессии носят, как правило, практическую направленность, что связано с характером трудового обучения в школе и с уже приобретенными трудовыми навыками и умениями.

Для определения надлежащей практики исследования мы использовали обзор зарубежных и отечественных литературы, полуструктурированное интервью с фокусом исследования старшеклассники с ограниченными возможностями. Психолого-педагогическое изучение трудовых возможностей ученика начинается с обследования, которое проводится медико-педагогической комиссией, и продолжается весь срок обучения. Выявляются интегративные качества личности (черты характера, интересы и состояние двигательных качеств) и степень подготовленности к учебно-трудовой деятельности. В ходе опытной работы были определены условия, способствующие формированию профессиональных интересов и намерений и в конечном итоге сознательному выбору профессии.

Метод анализа данных, используемый в этом исследовании, это формула категоризации. В результате проведенного эмпирического исследования были разработаны и предложены некоторые педагогические рекомендации по работе с учащимися вспомогательной школы по профессиональному определению, строить с опорой на их профессиональные склонности.

Ключевые слова: предпрофильная подготовка, мотивационный компонент, специальная коррекционная школа, дети с ограниченными возможностями.

Dyusenbayeva B.A.¹, Movkebayeva Z.A.^{2*}, Kudaibergenova U.Zh.³

¹*Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Kazakhstan, Almaty*

²*L.N. Gumilev Eurasian National University,
Kazakhstan, Astana*

³*South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov
Kazakhstan, Shymkent*

THE MOTIVATIONAL COMPONENT IN THE STRUCTURE OF PRE-PROFESSIONAL TRAINING OF STUDENTS WITH DISABILITIES

Abstract

The article is devoted to the problem of developing pre-professional training, which can help children with disabilities understand the range of options available to them and unlock their potential. The issues of labor education, training, vocational guidance and employment of students occupy a central place in the general system of educational work in an auxiliary school, since the success of social rehabilitation of mentally retarded students depends on their solution.

Pre-professional training and support were considered as a purposeful direction of pedagogical activity, taking into account the individual needs of students, including: psychological support, information education and organizational measures aimed at self-determination of students, allowing them to make a choice of the direction of study to determine the scope of professional activity in the future. In the course of a specially conducted study, the purpose of which was to organize psychological and pedagogical support in the process of pre-professional training of students with disabilities.

Based on the generalization of various points of view of leading foreign and domestic scientists on this issue, as well as on the basis of a comprehensive analysis of a number of difficulties in pre-professional training that arise in practice for special teachers, the authors indicate that auxiliary school students most successfully master general practical and labor skills in 7-8 years of study. Ideas about the chosen profession are, as a rule, practical, which is related to the nature of labor training at school and with already acquired labor skills and abilities.

To determine the appropriate research practice, we used a review of foreign and domestic literature, a semi-structured interview with a focus on high school students with disabilities. The psychological and pedagogical study of a student's work opportunities begins with an examination, which is conducted by a medical and pedagogical commission, and lasts the entire period of study. The integrative qualities of a personality (character traits, interests and the state of motor qualities) and the degree of preparedness for educational and work activities are revealed. In the course of the experimental work, conditions were identified that contribute to the formation of professional interests and intentions and, ultimately, a conscious choice of profession.

The data analysis method used in this study is the categorization formula. As a result of the conducted empirical research, some pedagogical recommendations were developed and proposed for working with students of an auxiliary school by professional definition, based on their professional inclinations.

Keywords: Pre-professional training, motivational component, type correctional school, children with disabilities.

КІРІСПЕ. Қазақстан экономикасының қазіргі жағдайын, оның ішінде жұмыс орындарының тапшылығын ескере отырып, түзету оқу орындары түлектерін жұмыспен қамту және әлеуметтік бейімдеу мәселелері ҚР Еңбек министрлігінің еңбек ресурстарын дамыту орталығымен зерттелді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, келесі жыл жұмысшы мамандықтар жылы деп жарияланды. Бұл ТЖКБ (техникалық және кәсіптік білім) саласын дамыту үшін ерекше мүмкіндік болып табылады. Жыл соңына дейін өңірлерге қажетті мамандар даярлауға бағытталған ТЖКБ ұйымдарының профилдеу процесін аяқтау жоспарлануда.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау туралы» заңдары балаларды міндетті мектепке дайындау мен дамуында ауытқулары бар балалардың мектеп білімінің мазмұнына мемлекеттік талаптарды анықтайды [1,2].

Бүгінде білім беру ұйымдарында кәсіби бағдарлау мәселесіне өте аз көңіл бөлінеді. Кәсіби бағдар беру бойынша мықты нормативтік-құқықтық база жоқ: “Білім туралы” заңда да, педагогтың лауазымдық нұсқауларында да кәсіби бағдарлауды ұйымдастыруға қатысты нақты ережелер қарастырылмаған. Кәсіби бағдарлау көбінесе 3-4 тест жүргізумен және шағын стендтер жасаумен шектеледі. Мектеп аралық оқу-өндірістік комбинаттардың саны азайып барады. Мектептерде кәсіби бағдар бұрыштары мен кабинеттері жоғалып жатыр. Мұның бәрі жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауына кедергі келтіріп, мамандық таңдаудағы қателіктерге әкеледі. Мұндай қателіктер жастардың денсаулығы мен психологиялық жағдайына, сондай-ақ қоғам мен мемлекетке зиян келтіреді.

Сондықтан VIII түрдегі түзету мектебіндегі кәсіби бағдар жұмысы оқушылардың өзін-өзі кәсіби анықтауын өзектілендіруге және мамандықтар әлемі туралы ақпарат алу мен өзін-өзі танудың шекарасын кеңейтуге бағытталған арнайы ұйымдастырылған қызметті жандандыруға бағытталуы тиіс.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР. Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды бейін алдындағы даярлау құрылымында мотивациялық компоненттің маңызды рөлі бар. Бұл компонент олардың оқу мен даму үдерісіне деген ынтасын арттыруға, сонымен қатар қабілеттерін жүзеге асыруға және өз мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Мотивация – бұл оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықты, ынтаны және қажеттілікті қалыптастыру процесс. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, мотивациялық компоненттің тиімді құрылымы мен жұмыс істеуі білім алу сапасын арттырудың негізгі ережелері:

1. Жеке мақсатқа бағытталған мотивацияны қалыптастыру

- Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың білім алуына деген қызығушылығын арттыру үшін әр оқушының өзіндік жеке мақсаттарын анықтауға мүмкіндік берілуі керек. Бұл мақсаттар оқушының қабілеттері мүмкіндіктеріне сай болуға тиіс.

- Оқушылардың өз-өзіне деген сенімділігін арттыру үшін олардың жетістіктерін жеке бағалап, ынталандыру маңызды.

2. Іс-әрекетке негізделген мотивация

- Бейін алдындағы даярлау жүйесінде іс-әрекетке бағытталған тәсілдерге ерекше назар аудару қажет. Оқушыға бағытталған тапсырмалар, жобалар, креативті тапсырмалар арқылы білім алушының қызығушылығын арттыру.

- Оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуы үшін практикалық және қолданбалы дағдыларға бағытталған тапсырмалар маңызды. Бұл олардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, алған білімдерін өмірде қолдануға мүмкіндік береді

3. Қолдау көрсету және эмпатияны дамыту

- Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың ішкі мотивациясын дамыту үшін олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық қолдау көрсету қажет. Эмпатия, жанашырлық пен түсіністік осы балалардың оқу процесіне негіз болуына ықпал етеді.

- Мұғалімдер мен тәрбиешілердің оқушылармен қарым-қатынасында сенімділік, құрмет және қолдау көрсетудің маңызды рөлі бар.

4. Ақпараттық және технологиялық құралдарды қолдану

- Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды оқытуда заманауи технология мен ақпараттық құралдарды пайдалану олардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырады. Бұл компонентке арнайы оқу бағдарламалары, интерактивті құралдар мен бейімделген бағдарламалық қамтамасыз ету маңызды.

- Электронды оқулықтар, мультимедиалық контенттер, арнайы құрылғылар оқу үдерісін жеңілдетеді.

Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды бейін алдындағы даярлау құрылымындалық компонент оқу үдерісінің тиімділігін арттырудың маңызды құралдарының бірі болып табылады. Оқу мотивациясын арттыру үшін оқушының жеке ерекшеліктеріне негізделген әдістер мен тәсілдер қолданылып, оларды оқу үдерісіне белсенді қатыстыруға ықпал ету керек. Қолдау көрсету, эмпатия мен мотивацияның психологиялық аспектілерін ескеру, білім беру процесінің қолжетімділігі мен қызықты болуын қамтамасыз ету маңызды.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР. Тұлғаның бағыттылығын дамыту мәселесін мінез-құлықтың салыстырмалы түрде тұрақты, жетекші мотивтер жүйесін, тұрақты кәсіби қызығушылықтарды, өзін-өзі бағалауды және еңбекке деген оң көзқарасты қалыптастыру тұрғысынан қарастыру қажет.

Мүгедектігі бар адамдардың ұзақ мерзімді еңбек нәтижелерін зерттеу сирек кездеседі. Rigg [3] атап өткендей, әртүрлі мүгедектік түрлеріне ие адамдардың еңбек саласындағы дамуы туралы мәліметтер таңқаларлықтай аз. Алайда, бұл бағытта Lindstrom, Doren, Miesch [4], Mucklebust және Batevik [5], сондай-ақ Langoou сияқты ғалымдардың бірнеше соңғы еңбектері ерекшеленеді [6].

Бұл зерттеу ерекше білім беру қажеттіліктері бар әйелдердің орта мектептің жоғары сыныптарын аяқтағаннан кейін ұзақ мерзімді жұмысқа орналасу мүмкіндіктері төмен екенін анықтады. Сонымен қатар, ресми орта білімді аяқтаған ерлер мен әйелдердің ұзақ мерзімді жұмысқа орналасу ықтималдығы орта білім алмағандарға қарағанда едәуір жоғары. Алайда, әйелдерге қарағанда, ер адамдар үшін жүргізуші куәлігінің болуы жұмысты сақтап қалуда маңызды рөл атқарады.

Batevik зерттеуінде егер мақсат мүмкіндігінше көп оқушыны ұзақ мерзімді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету болса, бұл нәтижеге жетудің бір жолы орта білімді аяқтаудың әртүрлі нұсқаларын ұсыну керектігін қарастырған. Бұл зерттеу мүгедектігі бар адамдардың өмірлік траекторияларына арналған басқа да еңбектер жұмысқа орналасу жолы әрдайым түзу бола бермейтінін көрсетеді. Сондықтан әлеуметтік институттар, соның ішінде білім беру жүйесі, бұл адамдардың қажеттіліктеріне бейімделу үшін икемді болып қалуы өте маңыздылығын анықтады [7].

Қазақстан Республикасындағы статистика бойынша, мүгедектігі бар адамдардың саны 637 мыңадамды құрайды, бұл елдің жалпы халқының 3,7%-ын құрайды. Олардың шамамен 70%-ы еңбекке жарамды жастағы адамдар [8], және олардың көпшілігі жұмыс табуда қиындықтарға тап болады.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтері бойынша, 2024 жылдың 1 сәуіріндегі жағдайға сәйкес, Қазақстанда 730,5 мың мүгедектігі бар азамат тұрады, бұл елдің жалпы халқының 3,6%-ын құрайды. Оның ішінде 419,9 мың адам – еңбекке жарамды жастағылар [9].

Жұмыспен қамту – бұл азаматтарға олардың кәсіби дағдыларын, білімі мен қабілеттерін, сондай-ақ қоғамдық қажеттіліктерді ескере отырып, жұмыс іздеуде, бағдарлауда және жұмысқа орналасуда көмек көрсетуге бағытталған мемлекеттік құрылымдар мен қоғамдық ұйымдар ұйымдастыратын іс-шаралар жиынтығы [10].

Оқушылардың еңбекке дайындық кезеңінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру мәселесі көп қырлы және кешенді тәсілді талап етеді. Бұл тақырыпқа қатысты әдебиет мүгедектігі бар оқушыларды толыққанды дамыту, кәсіби бағдарлау және білім беру жүйесіне әлеуметтік ықпалдастыру жағдайларын жасаудың маңыздылығын атап көрсетеді. Осы

міндеттерді тиімді іске асыру үшін түрлі саланың мамандарын тарта отырып, пән аралық тәсілдерді пайдалану маңызды.

Еңбекке дайындық үш бағытты қамтиды: ақпараттық және кәсіби бағдар беру жұмысы; таңдау курстарын өткізу; оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Мүмкіндігі шектеулі оқушылар осы бағыттар аясында ұйымдастырылатын барлық іс-шараларға қатысады [11].

Мамандық таңдау – бұл күрделі және ұзақ үдеріс, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар үшін. Ерте басталған кәсіби бағдар беру және түрлі мамандарды тарту біртіндеп табысқа жетуге алып келеді. Е.М. Старобина көрсеткендей, кәсіби бағдарлау адамның жеке бейімділіктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оның кәсіби өзін-өзіанықтауынабағытталғаніс-шараларды қамтиды. Бұл процесс мектеп жылдарында маңызды рөл атқарады және кезең-кезеңмен жүзеге асады: еңбекке деген көзқарасты қалыптастырудан, жалпы еңбек дағдыларын дамыту мен жеке қабілеттерді жетілдіруден басталады [12].

Мүмкіндігі шектеулі балалардың еңбекке дайындық және кәсіби бағдарлау жұмыстарының мақсаты – олардың өзін-өзі анықтауы үшін білім беру кеңістігін құру. Бұл жұмыстың нәтижесінде оқушылардың кәсіби бағдарлануы мен жалпы және арнайы білім беру арасындағы сабақтастық қамтамасыз етіледі деп күтілуде. Сонымен қатар, таңдалған мамандық оқушыларға жағымды эмоциялар сыйлауы тиіс. Оқыту бағыттары оқушылардың қызығушылықтары, психофизикалық мүмкіндіктері, сондай-ақ білім беру жағдайлары мен әлеуметтік-мәдени орта ресурстарын ескере отырып құрылады. Ресейдегі мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған мамандықтар тізімі шектеулі, оның үстіне олардың көпшілігі қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие емес. Сондықтан мектеп жүйесі қайта құрылып, кәсіби бағдар беру мен дайындықтың жаңа модельдерін енгізуі қажет, осылайша түлектердің заманауи талаптарға сай маман болуына мүмкіндік береді.

Орташа зияты бұзылысы бар бар адамдарды кәсіби дайындау күрделі және шұғыл процесс болып табылады, оны экономикалық мәселелер мен жұмыс орындарының жетіспеушілігі одан әрі қиындатады. Жұмыспен қамтудың жоқтығы тәжірибе жинауға және дағдыларды сақтауға кедергі келтіреді. Әлеуметтік терапия семинарлары әлеуметтік және жұмысқа қатысты құзыреттіліктерді дамытуға көмектеседі, бірақ ол уақыт пен тұрақты мотивацияны талап етеді. Жеке тәсіл мен дағдыларды тәжірибеде қолдану мүмкіндігі оқыту мен ынталандыруды жақсартады, бұл үздіксіз оқу процесінің маңыздылығын айқындайды [13].

Г.В. Васенков дамуында ауытқуы бар оқушыларды еңбекке даярлаудың негізгі міндеттерін ұсынады: еңбекке оң көзқарас қалыптастыру, негізгі қасиеттерді дамыту (ұжымда жұмыс істеу қабілеті, дербестік, жауапкершілік), физикалық және зияттың бұзылыстарын түзету, сондай-ақ өнімді еңбекке дайындау. Бұл мақсаттарға қолжеткізу үшін жүйені біріктіру қажет [14].

Педагогикалық күш-жігер келесі бағыттарға шоғырлануы тиіс: оқушыларға болашақ білім алу жоспарын құруға қажетті ақпараттық ресурстарды қамтамасыз ету, кәсіби бағыттармен танысуға және тұрақты тәжірибе жинауға мүмкіндік беретін дайындық курстарын енгізу, сондай-ақ жобалау барысында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Мұғалімдердің басты міндеті – оқушыларды еңбек дағдыларына сапалы үйрету ғана емес, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларға олар үшін сәйкес келетін мамандықты дұрыс таңдауға көмектесу.

Бұл тұжырымдама арнайы түзету мектептерінде мүмкіндігі шектеулі оқушылармен арнайы зерттеу жүргізу үшін шешуші фактор болды. 12-сынып оқушыларымен алдағы кәсіби қызмет туралы сауалнама өткізілді, оның мақсаты-олардың қызығушылықтары мен мүмкіндігі шектеулі балаларды еңбекке үйретудегі қиындықтарын зерттеу. Осы мақсатқа сәйкес зерттеу үшін 46 сұрақ анықталды.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ. Сауалнамаға Шымкент қаласы білім басқармасының «Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған Үміт мектеп-интернаты» коммунал-

дық мемлекеттік мекемесінің 12 сынып оқушылары қатысты. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің жауабын анонимді талдау жүргіздік (1-кестеге қараңыз).

1-кесте. Респонденттің алдағы кәсіби қызметі туралы сауалнама нәтижесі.

Сұрақтар	Респонденттің жауабы
1. Қызығушылықтарыңыз туралы айтып беріңіз. Сіз не істегенді ұнатасыз?	Жалпы қызығушылығым бала кезімнен мен өзім би саласына. Билегенді ұнатамын. Сол бойынша өзім биге қатты қызығамын.
2. Бос уақытыңызда немен айналысқанды ұнатасыз? Сіз бос уақытыңызды жалғыз немесе достарыңызбен өткізгенді ұнатасыз ба? Сыныптастармен немесе үлкендермен бе?	Бос уақытымды жалпы достарыммен көбіне бірге өткізгенді ұнатамын. Бос уақытымда достарыммен спортпен және вoleyболмен жалпы спортпен шұғылданған ұнайды.
3. Сізге мектептегі қандай пәндер көбірек ұнайды?	Ұнайтын пәндер алгебра және қазақ әдебиеті пәні. Алгебрадан есеп шығарған, қазақ әдебиетінен ауызша өлең жаттаған, мәтін оқыған қаттырақ ұнайды.
4. Сізге мектептегі қандай пәндер ұнамайды? Қиындықтар туғызады ма?	Физика және геометрия пәндері ұнамайды. Күрделі пәндер мен үшін. Ол пәндердің ұнамайтын себебі күрделі есеп шығару деп айтуға келеді.
5. Мектепті бітірген соң не істейсің?	Мектепті бітірген соң басты мақсатым ЖОО оқу орнына түсу. Соған мақсат қойдым. Мен соған жетемін деген ойдамын.
6. Мектепті бітіргеннен кейін бірден жұмыс істегіңіз келедіме?	Бірден жұмыс істеу ойымда жоқ. Жалпы басты миссиям оқуға арнаймын деген ойдамын.
7. Неліктен мектептен кейін жұмыс істегіңіз келеді? Неге жұмыс істеу керек?	Мектептен кейін жұмыс жасамаймын. ЖОО оқуға түсіп білім аламын.
8. Неліктен мектептен кейін бірден жұмыс істегіңіз келмейді? (ол кәсіптік училищеге немесе жоғары оқу орнына барса)	Жаңағы айтып өткендей басты ойымды миссиямды сол оқуыма арнап, нақты мамандығымды тереңдетіп дамытқым келеді.
9. Мектептен кейін мамандық алу үшін қайда барасыз? Сіз университетке немесе кәсіптік оқу орнына түсесіз бе? Неліктен?	Мамандық алу үшін университетке оқуға түсемін.
10. Қай жерде, қандай мамандықта жұмыс істегіңіз келеді?	Жалпы қызыққаным бойынша хореография, би саласына қызығамын. Болашақта осы би саласы бойынша өзімнің жеке курсмды, яғни хореография мұғалімі болғым келеді. Сол бойынша балаларға тәлімгер, тренер болғым келеді.
11. Қазір мектепте қандай мамандық алып жатырсың?	Мамандық алып жатырмын шығармашылық жағынан. Қазақстан тарихынан, қазақ әдебиеті пәнінен тестке дайындалып жатырмын. Би саласына түсу үшін шығармашылық емтихан тапсырмамын. Сол бойынша шығармашылық емтиханға дайындық бар.
12. Кейін осы мамандық бойынша жұмыс істеді жоспарлайсыз ба? Неліктен?	Әрине, өзімнің жекеменшік курсымды ашқым келеді. Балаларға тәлімгер болғым келеді.
13. Бұл мамандық сізге өмірде пайдалы болады деп ойлайсыз ба? Қашан? Қайда?	Әрине, пайдасы бар деп ойлаймын. Би саласына көбінесе біздің денсаулығымызға өте жақсығой. Шұғылдану жалпы дене қимыл- әрекет бұл қай жаста болсада би саласы керек деп ойлаймын. Бұлшық еттің қимылдауы өзіме пайдалы деп танымын.

14. Сіз қайда жұмыс істеуді жоспарлайсыз? Кім болып?	Өзімнің жекеменшік курсым бойынша мұғалім тренер болғым келеді. Балаларға би саласын үйреткім келеді.
15. Неліктен осы мамандықта жұмыс істегіңіз келеді?	Өзім кішкентай кезімнен сол би саласына қатты қызығамын. Біреудің дегенімен емес өзімнің кішкентай кезімнен сол әпке, ағаларымның билегендеріне қарап, сол бойынша қызығатынымын. Кішкентай кезімді бигеде қатысқанмын, сол бойынша қызығушылығым артып сол би саласын таңдап отырмын болашақта.
16. Бұл мамандықты өзіңіз таңдадыңыз ба, әлде біреу айтты немесе көмектесті ме? Бұл мамандықты таңдауыңызға кім көмектесті?	Жоқ, жоқ. Өзімнің дегенім бойынша қалауым, қызығушылығым.
17. Сыныптастарың кім болып жұмыс істегісі келетінін білесіңбе? Біреу сіз сияқты мамандықты таңдады ма?	Сыныптастырым әрине, шығармашылық таңдап отыр көбінесе. Оның ішінде шығармашылықтың ішінде дене шынықтыру пәнін, кей біреулері психология мамандығын таңдап отыр. Мен таңдаған мамандықты ешкім таңдамады. Хореография саласын мен ғана таңдап отырмын.
18. Сіз осы мамандықта жұмыс істейтін адамды білесіңбе? Ол өз жұмысы туралы не айтады?	Менің өзімнің туысқан әпкем бар би саласынба тәлімгер, аса танымал болмасада бір өзінің жеке оқушылары бар. Сол бойынша соған қарап қызығушылығым бар.
19. Бұл мамандық сізге неге ұнайды?	Ия, әрине ұнайды билеу. Би саласы.
20. Бұл мамандық сізге неге ұнамайды?	-
21. Сіз мектепте осы мамандық бойынша жұмыс істеуге жеткілікті түрде дайындалдым деп ойлайсыз ба? Нақты қалай дайындалдыңыз? (білімі, осы мамандық бойынша жұмыс істеуге ұмтылуы, т.б.)	Нақты дайындықта жоқ, бірақ алдағы уақытта қосымша курстарға барамын деген ойым бар. Би саласы бойынша. Ал шығармашылық емтихан бойынша әрине дайындалып жатырмыз. Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы бойынша одан міндетті түрде қызу дайындық жүріп жатыр. Ал би саласы, нақты өзімнің тапсыратын емтиханым бойынша әзірше дайындық жоқ, бірақ алдағы уақытта өзімнің баратын ойым бар.
22. Осы мамандықта жұмыс істеп, шамамен қанша ақша табасыз?	Қазіргі таңдағы есептеуім бойынша, 1 айға адам басына би саласы 50-мыңның шамасы екен. Мен, енді әзірше оған, ойым жоқ бірақ алдағы уақытта жекеменшік курстар ашып жатсам, мейлінше бағасын төмендетуге тырысамын. Енді, қымбат көретін қыздар, балдар би саласын сондықтан, көбісі бармайды деп ойлаймын. Енді ол оқушылардың қызығушылығы бойынша деп ойлаймын, қанша оқушың болады соған байланысты деп ойлаймын. Ал, жобамен алғанда 300-400мың айналасында аламын деп ойлаймын.
23. Жақсы өмір сүру үшін қанша ақша табу керек деп ойлайсыз? Барлығына жеткілікті болу үшін?	Енді мен ойлаймын қазіргі таңда ешқандай дүниені барынша қол жеткізу мүмкін емес. Бірақ, өзімнің қанағатым бойынша ғой, былай табыс көзіне қарайсың, өмір салтына қарайсың, бірақ әр кімнің өмір салты қалай сүру соған байланысты деп ойлаймын. Жалпы, жақсы өмір сүру үшін 500-мыңның айналасы деп ойлаймын. Қазіргі таңда, қазіргі заманда барлығының бағасы жоғары, сол себептіде айлық табысы да соған лайықты болу керек деп ойлаймын.
24. Сіз өз мамандығыңызбен соншалықты көп табыс табамын деп ойлайсыз ба?	Ойлаймын егерде би саласы бойынша, оқушыларды көбейте алсам, дами алсам, ары қарай жылжу мақсаты болса.
25. Осы мамандықта жұмыс істейтін адам не істейді деп ойлайсыз? Оның жұмыс күні қалай өтетінін сипаттаңыз.	Әрине, аянбай еңбек ету керек. Бір орында қатып қалмау керек. Нақты дамыта білу керек. Мейлінше, хореография болмаса да, көпқой тренингтер курстар, мобилография

	<p>саласы сол бойынша даму керек деп ойлаймын. Егер де 500-мыңнан ары қарай табыс көзін көбейткісі келсе ары қарай мүмкіндіктер көп.</p> <p>Мен ойлаймын олар өзінің жекеменшік курстарын ашу арқылы. Ең бірінші, әрине реклама деп ойлаймын, оқушыларды жинау мақсатында одан кейін оқушыларды дамыту, оқыту солардың қызығушылығын әрі қарай дамыту. Содан кейін би саласын жақсы меңгеруге үйрету.</p> <p>Би саласы бойынша қазіргі таңда естуім бойынша балабақшаларда бар екен, одан ары білмедім енді.</p>
<p>26.Сіз қандай жұмыс жасағыңыз келмейді жән енеге?</p>	<p>Мен жұмыс жасағым келмейді үкіметтің қолында себебі, неге екенін білмеймін бірақ, біреуге бағынышты болғым келмейді.</p> <p>Мұғалім болғым келмейді. Себебі, қазіргі таңда балаларға жауапкершілік өте көп. Оның жауапкершілігін алғым келмейді. Дәрігерде болғым келмейді. Жалпы айта кетсем сол, үкіметтің жұмысын жасағым келмейді, сол себебтен жекеменшік курстарда өзім бастық, өзім би болғым келеді.</p> <p>Дәрігерде, мұғалімде де жауапкершілік көп. Себебі, мұғалімге баланы тәрбиелеу ең алдымен оның зейін ашу керек ал, дәрігерлерде адам денсаулығы адам өмірі маңыздырақ, сол себебтен қорқамын. Ал би саласында көбіне енді жауапкершілік аз деп білемін, бірақ өзіндік жауапкершіліктер болады әрине, мұғалім дәрігерден қарағанда мейлінше азырақ.</p>
<p>27. Сізді қызықтыратын маман болу үшін не істеу керек екенін білесіз бе (сізді қызықтыратын мамандықтың атауы)?</p>	<p>Мамандықтар әрине ол бірінші хореография саласы, және де болашақта қазіргі таңда да дамып келе жатқан мобилография саласы, реклама, тренигтер, курстар, журналистика саласына да қатты қызығамын.</p> <p>Ең алдымен адам өз-өзін дамыту керек. Би саласы бойыншада білім жағынан болсада, ЖОО түсіп сол бойынша дайындалу керек деп ойлаймын. Өзім қосымша курстарға баруым керек деп ойлаймын.</p>
<p>28. Осы мамандықтың (қызығатын мамандықтың атауы) мектепте оқытылғанын қалайсыз ба? Неліктен?</p>	<p>Негізі жоқ! Неге үйткені мектепте бала білім алу керек деп, ал би саласы еркіндікқой тым қатты еркінсіп кетеді, ал спорт жағынан дене шынықтыру пәні жеткілікті деп ойлаймын, бірақ 45-минут бір күнге жеткілікті. Ал, би саласы қосымша сабақтар болса болады, бірақ пән ретінде енгізу дұрыс емес деп ойлаймын.</p>
<p>29. Мектепте бұл мамандық (қызығатын мамандықтың атауы) туралы бірдеңе айтты ма?</p>	<p>Ия, айтылды. Сабақ басталғалы осы бітіруші сыныптарға арнайы осындай тренигтер міндетті түрде жүргізіліп жатыр. Менің салам бойынша психолог апайымыздың кеңесі бойынша қосымша сабақтарға бару және де шығармашылық емтихандарға тынбай дайындалу керектігі айтылды. Өзім қосымша курс дей берми үйдеде дайындық жасасам болады. Себебі енді би саласы қатты қиын емес, өзіне ұнаған әуенді қосып, билегенге де болады.</p>
<p>30. Сіз бұл мамандық туралы қалай білдіңіз?</p>	<p>Жаңағы айтып өткенди туысқан әпкем би саласы бойынша жұмыс жасайды. Аса танымал емес, бірақ өзінің оқушылары, тәлімгерлері бар. Сол бойынша қызықтым. Кішкентай кезімнен би саласына көп емес бірақ бардым курстарға. Сол бойынша би саласына икемім бар деп ойлаймын, соған байланысты қызықтым, білдім, таныдым. Және сол бойынша алдағы уақытта жұмыс жасағым келеді.</p>

<p>31. Мамандық таңдауыңыз туралы ата-анаңыз біледі ме? Олар оған қалай қарайды? Олар не айтып жатыр?</p>	<p>Ия, ата-анам біледі. Ата-анаммен ақылдастым. Хореография саласын қолдады! Жалпы, дәстүрлі билерді жаңғырту оның барлығынан хабардар, алғашқы өзім таңдаған сәттен бастап ата-анаммен ақылдастым, қолдады, курс ашуыма да таңдауыма да еш қарсылық білдірмеді. Ары қарай дамуыма демеу беруде.</p>
<p>32. Мұғалімдер сіздің таңдаған мамандығыңыз туралы біледі ме? Олар оған қалай қарайды? Олар не айтып жатыр?</p>	<p>Мұғалімдер де сол пікір. Ата-анам жақтанда мұғалімдер жақтанда барынша демеу беріліп жатыр және де кеңестер беріліп жатыр. Айтып өткенди оқу басталғалы мұғалімдер жақтан пікірі жақсы болып жатыр. Осы мамандық таңдау бойынша психологқа жүгін депте кеңес берілді. Ешкімнің ешқандай қарсылығы жоқ, барынша мұғалімдер бізді қолдауда, демеуге әрқашан дайын!</p>
<p>33. Сенің таңдаған мамандығың туралы сыныптастарың біле ме? Олар оған қалай қарайды? Олар не айтып жатыр?</p>	<p>Достарымда да қарсылық жоқ. Оларда өзінің ұнаған пәндері бойынша дайындалып жатыр. Маған қарсы пікір келген жоқ! Оларданда жақсы демеулер бар, әрекет жасап жатырмыз. Сол шығармашылық емтиханға дайындалып жатырмыз.</p>
<p>34. Осы мамандықта жұмыс істеуге бірдеңе кедергі келтіруі мүмкін деп ойлайсыз ба? Не?</p>	<p>Ол мамандықта енді мен ойлаймын ешқандай кедергі болмайды деп. ЖОО бітіріп, өзім табыс көзім бойынша дамытып, курсымды ашып алсам, одан әрі дамытып оқушыларымды жинасам, ешқандай кедергілер болмайды деп ойлаймын. Бәсекелестік басқа да би курстарында болуы мүмкін, мен ойлаймын енді дамып отсаң ешқандай кедерлігер әсер етпиді деп. Үнемі ізденісте, даму үсінде болу қажет.</p>
<p>35. Жұмыста қандай қиындықтар болуы мүмкін деп ойлайсыз? Сіздің денсаулығыңыз жеткілікті ме және физикалық тұрғыдан жұмыс істеу қиын емес пе?</p>	<p>Денсаулық жағынан ондай кедергі жоқ деп ойлаймын. Бізде көз жағынан кішкене қиындықтар болуы мүмкін. Бірақ, физикалық дене бітіміміз сол би саласына кедергі емес деп ойлаймын. Себебі, қозғалыс, еркіндік бізде бар, ал көзге келетін болсақ оқушыларға қалай билеу керек, қалай икемделу керек екенін үйретсек, зейінін ашып алсақ жалғастырып кетедіғой енді. Біз тараптан ондай кедергі болады деп ойламаймын. Енді, мен үйрену икемделу жағынан қиындық болуы мүмкін деп ойлаймын. Кішкене қорқыныш бар. Себебі, бізде көру қабулетіміз бұзылған. Ары қарай дамыту, біреуден алып кету деген кішкене қиындау. Бірақ, оған карамай дамуымыз керек, жылжуымыз керек, ол енді бір көзге қарап тоқтап қалуға болмайды. Алға жылжу керек.</p>
<p>36. Сіз таңдаған мамандығыңыз бойынша жұмысқа орналасу оңай болады деп ойлайсыз ба? Неліктен олай ойлайсың?</p>	<p>Жұмысқа орналасу жаңағы айтқанымдай біреудің қол астында жұмыс жасағым келмейді. Сол ЖОО бітіріп, өзім жеке меншік курс ашқым келеді. Керсінше мені емес мен басқаны жұмысқа алғым келеді. Біреудің қолында бағынышты жұмыс жасағым келмейді. Жұмыс табылады деп ойлаймын, себебі қазіргі таңда хорография саласы тапшы. Сол себебті ондай айтарлықтай кедергі болады деп ойламаймын. Жеке орталық ашуға мүмкіндігім бар. Қаржылайда, демеушілік жағынанда мүмкіндіктерім бар. Ата- анам, достарым, мұғалімдер барлық жағынан қолдау білдіруде. Қаржылай жеткілікті, шүкір!.</p>
<p>37. Мамандығың бойынша жұмысқа тұру үшін не істеу керек?</p>	<p>Ең алдымен ЖОО тәмәмдәп, қосымша табыс бойынша өзімнің керек қаржылай жағынан қаржымды жинап, одан кейін мен ойлаймын ғимаратты қаланың орталығынан алу</p>

	керек деп. Себебі, өткен кеткен адамдар бар, жастар көп жүретін жерлерде, көп білетін көп айтылатын жерлерде болғанын қалаймын. Сол себептен, ғимаратты қаланың орталығынан алуды және құрал-саймандарды түгелдеп одан ары ашылу салтанатын ұйымдастырып, кейінгі кезекте оқушылар мен тәлімгерлерімді жинау болып табылады. Ең алдымен, қазіргі таңда дамып жатқан тикток желісіне осы курс бойынша реклама жасау, сол арқылы дамиды естиді деп ойлаймын. Барынша бәсекелестік барысында оқушылардың қаржылай төлем ақыларын төмендетіп, жағдайларын жасау қажет деп санаймын. Қоғамға пайдамды тигізгім келеді.
38. Сізге жалғыз жұмыс істеу оңай ма, әлде ұжыммен, топпен жұмыс істеу оңай ма?	Әрине, ұжыммен. Себебі, бір адам барлығына үлгеруі мүмкін бірақ, қиын. Ал, ұжыммен ынтымақтастықпен барлығымыз бірге жұмысты жасау оңайырақ, қызықтырақ деп ойлаймын.
39. Сіз адам көп жерде жұмыс істегіңіз келе ме, әлде тыныш ортаны қалайсыз ба?	Тыныш ортада, өзіңнің қалаған адамдарыңмен, жақын адамдарыңмен, ұжымдастарыңмен тыныш жерде ақылдасып, әр адамның өз ой пікірлерімен алмасып, солар бойынша ақылдасу дұрыс деп ойлаймын. Енді, қазір дамыған заман дауыс өткізбеген пластикалық есіктер өте көп, дамып жатыр барлығы. Кабинетімді сондай керемет материалдармен жабдықтаймын деген ойдамын.
40.Егер сізге жұмыста бірдеңе ұнамаса немесе бір нәрсе дұрыс жасалмаса, Сізқалай әрекет етесіз?	Енді, мен өзім кішкентай кезімнен дегенім болса деген қалыппен жүремін. Неге екенін білмеймін өзімде сондай тік мінезділік бар. Сол себептен барынша ұжымдастарыммен өзіме бағынуға және тиянақтылыққа үйретемін. Өзімнің дегенім болмаса өзімнің айтқаным болмаса ашуға бой алдырамын. Дегенмен де барынша олардың да, ойын тындауға тырысамын. Барлығы ойдағыдай өз әрекетімен, өз жоспарымен болғанын қалаймын.
40. 41. Сіздің жұмысыңыз (кәсібіңіз) адамдарға қандай пайда әкеледі?	Ең алдымен балалардың өсу, даму қимыл әрекеті. Енді, қазіргі таңда кішкене денсаулық жағынан қысылған балалар көптеп туылып жатыр, олардың саны өте көп. Қазіргі таңда дене бітімі келіспеген, бүкірлік деген сияқты жағдайлар кездеседі. Осының барлығының шешімі би деп ойлаймын. Қимылдаған сайын бұлшық ет қимылдайды, бойы өседі, даму процесі жүреді.
42.Сіздің жұмысыңыз (кәсібіңіз) Сізге қандай пайда әкеледі?	Маған пайда әкеледі ең алдымен: өзімнің денсаулығым, өзімнің қимыл әрекетім денсаулығым да пайдалы. Екінші жағынан қызығушылығымды одан әрі дамытқым келеді, келесі кезекте қаржылай табыс көзі, - деп ойлаймын.
43.Сіздің жұмысыңыз (кәсібіңіз) туыстарыңызға қандайпайда әкеледі?	Туыстарының балалары болса маған әкелуі мүмкін... Ал басқа жағынан енді білмедім. Табыс көзі жағынан олар ондай мұқтаж деп ойлаймаймын. Өз өмірлерін өздері сүріп жатырғой. Өздерінің балалары би саласына қызыққан болса алып келуі мүмкін деп қана қараймын, ал қалған жағын білмедім...
44. Айтыңызшы, адамдарға жұмыс істеу не үшін қажет?	Әрине енді қазіргі таңда даму керек, жылжу керек, ешкімнен қалмау керек, табыс көзін табу керек. Өз саянды ары қарай дамыту үшін, күнделікті өмірде жүру, ішу үшін, күнделікті іс-әрекет үшін ақша керек деп ойлаймын. Енді, әрекетке берекет дейді. Адам әрекетін жасаса берекеті де болады. Табыс көзі адамға міндетті түрде керек.

<p>45. Егер мемлекет сізге көбірек жәрдемақы төлейтін болса, сіз жұмыс істемеуіңізге мүмкін бе?</p>	<p>Жоқ, себебі, мен өзім қызыққан салам бойынша дамығым келеді. Енді үкімет беріп жатыр екен деп отырып қамалуға да болмайды, адам жылжу керек. Үкімет қаншалықты көп беріп жатса, одан әрі дамып белестерді бағындыру керек деп ойлаймын. Соны керсінше пайдаланып түрлі курстар, тренингтер ашуға болады. Үйде отырғанша даму үстінде болған дұрыс.</p>
<p>46. Мектепте болашақ жұмысқа қалай жақсы дайындалу керектігі туралы сіздің пікіріңіз</p>	<p>Мен өзім би саласын таңдап отырмын. Шығармашылық емтиханға қазақ әдебиеті, оқу сауаттылығы кіреді. Ол бойынша мектепте дайындықтар өткізіп жатыр, түрлі пікірлер айтылып жатыр. Енді оған дайындықтар бар үздіксіз үйдеде қазіргі таңда онлайн курстар барғой тегін дайындалып жатырмыз, дамып жатырмыз. Енді бізде көру қабілеті бұзылғаннан кейін аудио жазбалар бар мен сол бойынша да дайындалып жатырмын. Әр кім өзінің таңдап отқан мамандығы бойынша мысалы дене шынықтыру өзінің түрлі жетістіктеріне жетіп жатыр. Ал мен би саласы бойынша алдағы уақытта қосымша сабақтарға барам, шығармашылық емтихан бойынша аудио бойынша дайындық жүргізудемін. Мектепте де мұғалімдер түрлі тестер, сабақтар әкеліп жатыр. Сол бойынша дайындалып жатырмыз.</p>

Б есімді респонденттің болашақ кәсіби қызметі туралы сауалнамаға берген жауабын талдау барысында хореографиядағы әлемге айқын әрі тұрақты бағдарланғандығын көрсетеді.

Күшті жақтары:

Нақты мақсаты: Б хореограф болуға және өзінің би курсы ашуға бел буады. Ол осы мақсатқа жету үшін қажетті қадамдарды түсінуді қамтамасыз етеді (университетке оқуға түсу, қосымша оқыту, қаржылық жоспарлау, маркетинг).

Мотивация: оның жауаптары биге деген шынайы сүйіспеншілікке және осы құмарлықты басқалармен бөлісуге деген ұмтылысқа толы. Ол таңдаған кәсібін ұнататқанымен, жұмыс күнін қалай көретінін нақты сипаттап бере алмайды.

Әлсіз тұсы: Респондент өзінің кәсіби дамуындағы қиындықтарды ашық мойындайды. Көру қабілетінің бұзылуы оның оқуы мен білім алуына кедергі болуы мүмкін деп алаңдайды. Дегенмен, ол өзінің шектеулеріне мойынсұнбай, алға жылжуға және дамуға ниетті екенін көрсетеді. Бұл жауапта реализм мен қажырлылықтың үйлесімі байқалады. Респондент мемлекеттік мекемедегі жұмыстардың (мұғалім, дәрігер) жоғары жауапкершілігіне байланысты оларды таңдамайтынын айтады. Ол дербес жұмыс істеуді, өз бизнесін басқаруды жөн көреді, өйткені жеке курстарда жауапкершілік деңгейі төмен деп есептейді. Жауапта жауапкершіліктен қашып, дербестікке деген ұмтылыс айқын көрінеді. Ол бұл мәселелерден қашпайды немесе нақты шешімдерді ұсынбайды.

Жоспарлау: ол өзінің болашақ істерінің шығармашылық жағын ғана емес, сонымен қатар кәсіпкерлік жағын да ойластырды, соның ішінде қаржылық есептеулер мен маркетингтік ауысым (TikTok пайдалану).

Қоршаған ортаның қолдауы: Б ата-анасынан, мұғалімдерінен және сыныптастарынан қолдау алады, бұл мотивацияны айтарлықтай арттырады.

Тәжірибенің жоқтығы: бала кезінен билеуге құмар болғанына қарамастан, Б-ың бұл салада әлі кәсіби тәжірибесі және мүлдем дайындығы жоқтығын көрсетеді.

Кейбір белгісіздіктер: кейбір жағдайларда белгісіздік бар (мысалы, жұмыстағы қиындықтар туралы). Тәуекелдер мен оларды жеңу стратегияларын егжей-тегжейлі талданбаған.

Өз курсына тәуелділік: іс жүзінде кез-келген бизнес-модель өз курсының сәттілігіне негізделген. Жұмысқа орналасудың балама нұсқаларын қарастырмаған.

Б-өзінің болашақ мансабы туралы жарқын көзқарасы бар ынталы және мақсатты респондент. Ол жоспарлауға және қажет түсінуге жетілген көзқарасты білдіреді. Болашақта кәсіптік дағдыларды қосымша дамыту және бизнес саласындағы ой-өрісті кеңейту қажіттілігі бар. Оның жауаптары жоспарларды жүзеге асырудың жоғары мүмкіндігін көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ. Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың арнайы мектеп жағдайындағы алдынала мамандыққа бағыттау дайындығының мотивациялық құрамдас бөлігіндегі анықталған мәселелерді талдау барысында біз бірнеше педагогикалық ұсыныстарды анықтадық:

1. Оқушылардың жеке қасиеттерін қалыптастыруға бағытталу (өзін-өзі тану және өзін өзгерту қабілеттері, тәуелсіздік, өзіне сенім, таңдау жасау және оған жауапкершілік арқалауды үйрену, мақсаткерлік, коммуникативтілік және т.б.).

2. Педагогтың профориентациялық қызметі жүйелі, кешенді, тұтас және үздіксіз болуы керек.

3. Педагогтың және білім беру мекемесінің кәсіби сала мамандарымен, сондай-ақ әртүрлі кәсіпорындар мен ұйымдармен өзара әрекеттестігі, оқушыларды оқыту (экскурсиялар) және жұмысқа орналастыру мақсатында.

4. Оқушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтауына қатысты педагогтар мен оқу орындарының, сондай-ақ оқушылардың ата-аналарының бірлескен қызметі.

5. Жоғары сынып оқушыларын кәсіптік өзін-өзі анықтау іс-шараларына ерікті түрде қатыстыру.

6. Кәсіптік бағдар беру бойынша педагогикалық жұмыс оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жүзеге асырудағы қайшылықтарды толық қамтуы тиіс.

7. Кәсіптік өзін-өзі анықтау бойынша педагогтардың жұмысы жеке көзқарасқа негізделуі керек.

Осылайша, түзету мектептеріндегі кәсіптік бағдар беру жұмысы негізінен оқушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтауын белсенді түрде ұйымдастырылған іс-шаралар арқылы кәсіптер әлемі туралы ақпарат алу және өзін-өзі тану шеңберін кеңейтуге бағытталуы керек.

Бұл мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің бағдарламалық мақсатты қаржыландыруы аясында BR24993150-ОТ-24 «Мүмкіндігі шектеулі Білім алушыларды бейін алды даярлауға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру» тақырыбында орындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі.
2. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.
3. Rigg, John A. 2005. "Labour Market Disadvantage amongst Disabled People: A longitudinal perspective," CASE Papers 103, Centre for Analysis of Social Exclusion, LSE.
4. Lindstrom, Lauren, Bonnie Doren, and Jennifer Miesch. 2011. "Waging a Living: Career Development and Long-term Employment Outcomes for Young Adults with Disabilities." *Exceptional Children* 77(4): 423–434. DOI: <https://doi.org/10.1177/001440291107700403>
5. Myklebust, Jon O., and Finn O. Båtevik. 2014. "Economic Independence among Former Students with Special Educational Needs: Changes and Continuities from Their Late Twenties to Their Mid-Thirties." *European Journal of Special Needs Education* 29(3): 387–401. DOI: <https://doi.org/10.1080/08856257.2014.922791>
6. Langoy, Emmy Elizabeth. 2017. "Mellom mestring or avmakt: Faktorer som påvirker integrasjon i ordinært arbeid hos tidligere 'særvilkarselever' i videregående skole." ["Between Coping and Powerlessness: What Influences the Integration in Competitive Employment of Former Special Need Students from Upper Secondary Education?"]. *Spesial pedagogika* 82(5): 57–69.

7. Batevik, Finn Ove. (2019). *From School to Work: Long-Term Employment Outcomes for Former Special Educational Needs Students*. *Scandinavian Journal of Disability Research*, 21(1), pp. 158–166. DOI: <https://doi.org/10.16993/sjdr.595>

8. Таспенова, Г., Саткалиева, Т. (2016). Проблема трудоустройства лиц с ограниченными возможностями здоровья в Казахстане. *Национальная ассоциация ученых*, 5(21), 61–65.

9. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/761665?lang=kk>

10. Ронова, Г.Н., Ронова, Л.А. (2013) *Финансовый энциклопедический словарь*. Москва: Издательский центр ЕАОИ.

11. Добровольская Т. А. О подходах к профессиональной ориентации подростков с детским церебральным параличом // *Коррекц. педагогика*. 2004. № 1 (3). С. 70-74.

12. Старобина Е.М. *Профессиональная подготовка лиц с умственной отсталостью: метод.пособие*. М.: ЭНАС, 2003. С. 21.

13. Адамус П. *Предпрофессиональная подготовка и профессиональная деятельность лиц с умеренной умственной отсталостью в Чешской республике*. *EDULEARN15 Proceedings*, 20157 С. 7379-7388.

14. Васенков Г.В. *Адаптация и социализация выпускников школ VIII вида в процессе включения их в производственные отношения в условиях социума* // *Коррекционная педагогика: теория и практика*. 2010. № 5 (41). С. 5–10.

References:

1. *Qazaqstan Respyblikasynyń "Bilim týraly" zańy 2007 jylǵy 27 shildedegi*.

2. *Kemtar balalardy áleymettik jáne medisinalyq-pedagogikalıyq túzey arqyly qoldaı túraly Qazaqstan Respyblikasynyń 2002 jylǵy 11 shildedegi № 343 Zańy*.

3. Rigg, John A. 2005. "Labour Market Disadvantage amongst Disabled People: A longitudinal perspective," *CASE Papers 103*, Centre for Analysis of Social Exclusion, LSE.

4. Lindstrom, Lauren, Bonnie Doren, and Jennifer Miesch. 2011. "Waging a Living: Career Development and Long-term Employment Outcomes for Young Adults with Disabilities." *Exceptional Children* 77(4): 423–434. DOI: <https://doi.org/10.1177/001440291107700403>

5. Myklebust, Jon O., and Finn O. Båtevik. 2014. "Economic Independence among Former Students with Special Educational Needs: Changes and Continuities from Their Late Twenties to Their Mid-Thirties." *European Journal of Special Needs Education* 29(3): 387–401. DOI: <https://doi.org/10.1080/08856257.2014.922791>

6. Langoy, Emmy Elizabeth. 2017. "Mellom mestring or avmakt: Faktorer som påvirker integrasjon i ordinært arbeid hos tidligere 'særvilkarselever' i videregående skole." [*Between Coping and Powerlessness: What Influences the Integration in Competitive Employment of Former Special Need Students from Upper Secondary Education?*"]. *Spesial pedagogika* 82(5): 57–69.

7. Batevik, Finn Ove. (2019). *From School to Work: Long-Term Employment Outcomes for Former Special Educational Needs Students*. *Scandinavian Journal of Disability Research*, 21(1), pp. 158–166. DOI: <https://doi.org/10.16993/sjdr.595>

8. Таспенова, Г., Саткалиева, Т. (2016). Проблема трудоустройства лиц с ограниченными возможностями здоровья в Казахстане. *Национальная ассоциация ученых*, 5(21), 61-65.

9. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/761665?lang=kk>

10. Ронова, Г.Н., Ронова, Л.А. (2013) *Финансовый энциклопедический словарь*. Москва: Издательский центр ЕАОИ.

11. Добровольская Т. А. О подходах к профессиональной ориентации подростков с детским церебральным параличом // *Коррекц. педагогика*. 2004. № 1 (3). С. 70-74.

12. Старобина Е.М. *Профессиональная подготовка лиц с умственной отсталостью: метод.пособие*. М.: ЭНАС, 2003. С. 21.

13. Adamýs P. *Predprofessionalnaia podgotovka i professionalnaia deiatelnos tis s ýmerennoi ýmstvennoi otstalostí v Cheshskoi respýblike. EDULEARN15 Proceedings, 20157 C. 7379-7388.*

14. Vasenkov G.V. *Adaptasia i sosializasia vypýsknikov shkol VIII vida v prosese vklúchenia ih v proizvodstvennyye otnoshenia v ýsloviah sosiýma // Korreksionnaia pedagogika: teoria i praktika. 2010. № 5 (41). S. 5-10.*